ТЕКСЕРІЛДІ:




________________

09.01.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің**
**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балажан» бөбекжай-балабақшасы
**Топтар:** «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар
**Жоспар қандай кезеңге жасалды:** 12.01 – 16.01. 2026 жыл (3-апта)

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 12.01** | **Сейсенбі 13.01** | **Сәрсенбі 14.01** | **Бейсенбі 15.01** | **Жұма 16.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Апта дәйексөзі «Тәртіп - тәрбие бастауы»**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау.<br>Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ақжауын» күйі<br>https://zvyki.com/song/157597072/Dombyra_-_A_zhauyn/ **«Күй күмбірі» күй тыңдау** | | | | |
| Сөздік минимум | Қозы, лақ, бұзау, құлын, марғау, күшік. | | Қозы, лақ, бұзау, құлын, бота, марғау, күшік. | | |
| «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті | **Мектепалды тобы**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Үй жануарлары»**<br>**Міндеттері:**<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>үй жануарларының атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>үй жануарларының | | **Мектепалды тобы**<br>**Тақырыбы: Үй жануарлары және оның төлдері**<br>**Міндеттері:**<br>қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету;<br>зат есімдердің жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>үй жануарлары төлдерінің | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстауын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану;<br>үй жануарларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Балалар, біз қайда тұрамыз?<br>Біз үйде тұрамыз.<br>Үй жануарларының дыбыстарын тыңдау (аудио жазба)<br>Балалар, бұл ненің дыбысы?<br>Үй жануарларының дыбысы.<br>Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі үй жануарларының атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. **Топпен жұмыс** (хормен және жеке бірнеше рет қайталау):<br>Мынау – түйе, тү-ү-ү-ү-йе.<br>Мынау – жылқы, жыл – қ-қ-қ-қ-қы.<br>Мынау – сиыр.<br>Мынау – қой, қ-қ-қ-қ-қой.<br>Мынау – ешкі, еш – кі-і-і.<br>Мынау – мысық, мы-сық-қ-қ-қ-қ.<br>Мынау – ит.<br>**Тапсырма орындау** (топтық | | атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Балалар, қараңдаршы қандай кішкентай лақ.<br>Оның анасы қайда, ол әлі кішкентай ғой?<br>Келіңдер, балалар, бәріміз бірге лақтың анасын табайық. Әр төлдің өз анасы бар, әр үй жануарының өз төлдері бар. Солай ма, балалар?<br>Бүгін біз үй жануарларын еске түсіреміз және оның төлдерінің қазақша<br>атауын үйренеміз.<br>**Топпен жұмыс** (хормен және жеке бірнеше рет қайталау, қазақ тіліне тән дыбыстарға ерекше тоқталу):<br>Мынау – ешкі мен лақ.<br>Мынау – қой мен қозы.<br>Мынау – сиыр мен бұзау.<br>Мынау – жылқы мен құлын. Мынау – түйе мен бота.<br>Мынау – мысық пен марғау.<br>Мынау – ит пен күшік.<br>**Дидактикалық ойын «Қара да айт, бұл не?»**<br>**Шарты**: үй жануарлары төлдерінің үлестірмелі суреттері беріледі. Бірінші бала қолындағы карточканы көрсетіп: «Бұл не?» сұрағын қояды, екінші бала оған жауап беруі қажет.<br>**Дидактикалық ойын «Біреу және** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және өздік жұмыс):<br>Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)<br>Дидактикалық ойын «Біреу және көп»<br>Түйе – түйелер.<br>Жылқы – жылқылар.<br>Сиыр – сиырлар.<br>Қой – қойлар.<br>Ешкі – ешкілер.<br>Мысық – мысықтар.<br>Ит – иттер.<br>**Қимылды әрекет: Фермада**<br>**Ұқсастық пен айырмашылығын тап. Венн диаграммасы әдісі**<br>Адам мен үй жануарларының дене бөліктерінің ұқсастығын табу<br>Басы, көзі, құлағы, аузы, денесі, аяғы, құйрығы<br>**Қорытынды:**<br>Үй жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.<br>**<u>Ересек топ</u>**<br>Тақырыбы:<br>«Үй жануарлары және оның төлдері»<br>Міндеттері:<br>қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету;<br>қарапайым сөйлемдер құра | | **көп»**<br>Лақ – лақтар<br>Қозы – қозылар<br>Бұзау – бұзаулар<br>Құлын – құлындар<br>Бота – боталар<br>Марғау – марғаулар<br>Күшік - күшіктер<br><br>**Есте сақта!**<br>Тол – наполни<br>Төл – детеныш<br>**Жаңылтпаш жаттайық**<br>Тол,Төл.<br>Астау, суға тол,<br>Ішеді төл.<br>**Қимыл әрекеті:**<br>**Төрт түлік**<br>Бұл – түйе.<br>Оның төлі – бота.<br>Түйе боздайды.<br>**Қорытынды:**<br>Үй жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге үйрету.<br>Балалар, қараңдаршы қандай кішкентай лақ.<br>Оның анасы қайда, ол әлі кішкентай ғой?<br>Келіңдер, балалар, бәріміз бірге лақтың анасын табайық. Әр төлдің өз анасы бар, әр үй жануарының өз төлдері бар. Солай ма, балалар?<br>Бүгін біз үй жануарларын еске түсіреміз және оның төлдерінің қазақша<br>атауын үйренеміз.<br>**Топпен жұмыс** (хормен және жеке бірнеше рет қайталау, қазақ тіліне тән дыбыстарға ерекше тоқталу):<br>Мынау – ешкі мен лақ.<br>Мынау – қой мен қозы.<br>Мынау – сиыр мен бұзау.<br>Мынау – жылқы мен құлын. Мынау – мысық пен марғау.<br>Мынау – ит пен күшік.<br>**Дидактикалық ойын «Қара да айт, бұл не?»**<br>**Шарты**: үй жануарлары төлдерінің үлестірмелі суреттері беріледі. Бірінші бала қолындағы карточканы көрсетіп: «Бұл не?» сұрағын қояды, екінші бала оған жауап беруі қажет.<br>**Дидактикалық ойын «Біреу және көп»**<br>Лақ – лақтар<br>Қозы – қозылар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұзау – бұзаулар<br>Құлын – құлындар<br>Марғау – марғаулар<br>Күшік - күшіктер<br>**Қимыл әрекеті:**<br>**Төрт түлік**<br>Бұл – сиыр.<br>Оның төлі – бұзау.<br>Сиыр мөңірейді.<br>**Қорытынды:**<br>үй жануарлары және олардың төлдерін қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс<br>(сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау) | **<u>Ересек топ</u>**<br>**Дидактикалық ойын «Біреу және көп»**<br>Қозы – қозылар<br>Бұзау – бұзаулар<br>Құлын – құлындар<br>Марғау – марғаулар<br>Күшік - күшіктер<br>**<u>Мектепалды топ</u>**<br>**Жаттап ал**<br>Мынау – керік,<br>Мынау – піл.<br>Неше керік,<br>Неше піл?<br>Мынау – түлкі,<br>Мынау – кірпі.<br>Неше түлкі,<br>Неше кірпі?<br>(Ә.Шапағат) | | **<u>Мектепалды топ</u>**<br>**Төрт түлік**<br>Бұл – түйе.<br>Оның төлі – бота.<br>Түйе боздайды.<br>Бұл – сиыр.<br>Оның төлі – бұзау.<br>Сиыр мөңірейді.<br>Бұл – жылқы.<br>Оның төлі – құлын.<br>Жылқы кісінейді.<br>Бұл – қой.<br>Оның төлі – қозы.<br>Қозы маңырайды.<br>Бұл – ешкі.<br>Оның төлі – лақ.<br>Ешкі де маңырайды.бойынша | | |
| | | «Ою» сергіту сәті<br>Алақанды жазамыз,<br>Оңға бұйра сызамыз,<br>Солға иіп сызамыз,<br>Құс қанатын өрнектеп,<br>Биіктерге самғайық. | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әр өрнектің сыры бар<br>Шын жүректен сыйлайық.<br>https://www.instagram.com/share/BAIHbeeKIN<br><br>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау |